

9 «Нурсая» бэбэжжай-б
гикалык кенесте
021 жыл
гзінде №67 буйрык

9 «Нурсая» бэбэжжай-б
гикалык кенесте
021 жыл
гзінде №67 буйрык

Түзеу жұмысы

«Баланың танымдық қабілеттерін дамыту»

36 сағат

Дефектолог: Саматова А.С.

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Себебі, 4-5 жастағы балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған вариативтік компонент бағдарламасы балалардың бойына танымдық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен меңгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге, базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік меңгеруіне жағдай жасайды. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бүлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады

Мақсаты: Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру

Міндеттері:

- Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;
- Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;
- Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;
- Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;
- Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.

Мазмұны:

- Түс және пішін
- Сан және санау
- Бүтін және бөлік
- Геометриялық фигуралармен танысу
- Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындауға жаттықтыру
- 20-ға дейінгі сандарды санауға үйрету

- Заттардың көлемдерін анықтау
- Ауызша есептеу дағдыларын дамыту

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі	Мақсаты
1	Сурет бойынша сызықтарды қосу	1		Дидактикалық үлестірмелер, суреттер	Балалардың көз зердесін қалыптастыру
2	Түс және пішін	1		Суреттер	Түсті және заттардың пішінін ажырата білу
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын,орнын ауыстыру	1		Сурет	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	1		Суреттер	Заттарды санау,әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
5	«Біз нешеуіміз»	1		Үлгі, суреттер	Санауға үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту
6	Суретпен жұмыс	1		Үлгі, суреттер	Суреттегі заттарды салыстыру,олардың айырмашылықтарын таба білу
7	«Кім қай партада отыр?» (Ойын)	1		Сурет	Сандар қатары туралы түсініктерін бекіту
8	«Сықырлы қоржын»(Ойын)	1		Таңбалар үлгісі, сандар	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру
9	Таныс фигураларды ата	1		Сандар	Балалардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту

10	Геометриялық фигуралармен танысу	1		Фигуралардың суреттері, атаулары	Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
11	«Сәулетші» ойыны	1		Сандар, суреттер	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру
12	Қызықты текше	1		Кестелер, суреттер	Сандардың ретін меңгерту
13	Көңілді санамақтар	1		Сандар, суреттер	Жылдам санау дағдыларын ұштау
14	«Ойнайық та, ойлайық»	1		Сандар	Логикалық есептер шығаруға үйрету
15	«Жылдам ойлан!»	1		Фигуралардың суреттері	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру
16	Сырсандық білімдарларға	1		Фигуралар	Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға машықтандыру
17	Бүтін және бөлік	1		Суреттер	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру
18	Сұйық және сусымалы	1		Суреттер	Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге үйрету
19	Қай уақыт, сағат неше?	1		Сағат	Уақыт туралы түсініктерін дамыту
20	Заттардың орналасуы	1		Сандар	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру
21	Ойын есептер	1		Суреттер	Балалардың ауызша есептеу дағдыларын дамыту
22	Теңге, монеталар.	1		Суреттер	Балаларға теңге, монеталар жайында алғашқы түсінік беру
23	Ойын «Кім тапқыр?»	1		Сандар, суреттер	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу
24	Арифметикалық лото (Ойын)	1		Кестелер	Кестелік қосу және азайту

					тәсілдерін пысықтау
25	Есептер шығару	1		Сандар	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру
26	«Кім жылдам?»	1		Сандар	Балалардың қосу және азайту таңбаларын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру
27	Тез есепте!	1		Сандар	0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру
28	Ойын есептер «Ойлан тап!»	1		Сандар	Балаларды өз бетінше есеп құрастыруға үйрету
29	20-ға дейінгі сандарды санауға үйрету «Сандардың орнын тап» ойын	1		Кестелер	20-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыландыру
30	Сандар құрамымен жұмыс	1		Сандар	Сандар құрамын жылдам таба білуге үйрету
31	Ойнай отырып, ойла	1		Сандар	Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту
32	Математикалық эстафета	1		Сандар	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту
33	Көңілді санамақтар	1		Сандар,суреттер	Жылдам санау дағдыларын ұштау
34	Қай уақыт, сағат неше?	1		Сағат	Уақыт туралы түсініктерін дамыту
35	Тез есепте!	1		Сандар	0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру
36	Есептер шығару	1		Сандар	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру
	Барлығы	36 сағат			

